

# «Шертер» ансамблі тарихынан бір үзік сыр

Бұл кез, 1971 жылдың жазы еді. Торғай облысының жаңа-да ғана ұйымдасып жатқан қиын да, қарбалас шағы. Облыс орталығы Арқалық қаласында құрылған облыстық филармонияның жұмысын бастағанына үш-төрт айдың ғана шамасы болған дм. Мен сол филармонияның көркемдік жетекшісімін. Облыстық партия комитетінен телефон шалынып, мені обком хатшысы Өзбекәлі Жанібеков іздеп жатыр деген соң, тездетіп, Өзекеннің кабинетіне келсем, ол кісі күтіп отыр екен, ұзатпай маған айтар тапсырмасын бастап та кетті. Ол: - «Облысқа Алматыдан қазақтың көне аспаптарынан құрылған фольклорлық ансамбль келіп жатыр, олар қазір Амангелді ауданында, сен тездетіп соларды тауып ал да, концертін тыңда, әр аспапқа жете көңіл аудар. Шкірінді келген соң айтасың» - деді.

Ертеңіне кештетіп Амангелді ауданындағы концерт өтетін Байғабыл ауылына жетсем тыңдарманға лық толы клубтың сахнасында бас аяғы 7-8 адам концерт беріп жатыр. Олардың құрамында өзін танитын Алматы консерваториясының студенттері, қазіргі атағы жер жарған халық артистері - әнші Гафиз Есімов, Досқан Жолжақсынов (концерт жүргізуші, әрі әнші) тағы басқа әнші-күйші, қыз-жігіттер. Қолдарындағы домбыра, қобыз және сыбызғыдан басқа аспаптардың кейінірек аттарын ара-тұра естігенім болмаса өздерін өмірі көрмеген халқымыздың ерте кезде пайдаланған, кейін уақыт зардаптарынан жоғалған - жетіген, шертер, асатаяқ, дабыл, шаңқобыз, үскірік, сазсырнай сынды т.б. көптеген жыл мұраларының сиқырлы саз-әуендерін барынша тыңдадық. Оларды орындаған Алматы консерваториясының студенттерінен құрылған көне аспаптар ансамблі. Оны ұйымдастырған сол көне аспаптарды іздеп тауып, жинап зерттеген, қазақ халқының екендігін ғылыми түрде дәлел-



деген консерватория профессоры, ансамбльдің көркемдік жетекшісі, әрі орындаушы, артисі де, ұстазымыз Болат Сарыбаев еді. Ардақты ағамызды студент кезімізден білеміз. Сол ағамыз басқарған ансамбльдің орындауында біз бұрын есті қоймаған күйлер мен әндердің әуезі жан-жанымызды баурады. Кең даланың көкөрай шалғынында ойпақ салған қозы-лағы, шұрқыраған құлын-тайы, ақ шабағы шоршыған өзен-көлі еріксіз көз алдымызға келіп, ерекше сезімге бөледі. Концерттен алған әсерім ұшан-теңіз. Сонымен Байғабылда өткен концерттен кейін Арқалыққа келіп, Өзекенге бар ойымды ақтардым. Кейін білсем Б.Сарыбаевты ансамблімен бірге Торғай облысына шақырып жүрген Өзбекәлі Жанібекұлының өзі екен. Оған себеп Торғай облыстық филармониясы жанынан ол, қазақтың көне аспаптарынан фольклорлық ансамбль құруды жоспарлапты.

Содан бір жарым жылдай уақыт өткен соң Б.Сарыбаевтың көмегімен Алматыдағы музыка аспаптарын жасайтын шеберлері - шертер, шаңқобыз, дабыл, даңғыра, жетіген аспаптары дайын болып Алматыдан өзін барып алып келдім. Аспаптарда қалай ойнау керектігін біз әрине білмейміз. Көмекке Б.Сарыбаевтың өзі шақырылды. Ансамбльдің көркемдік жетекшісі болу және торғай дом-

бырасы мен жетігенде ойнау менің үлесіме тиді. Сонымен дайындық жұмысы қызу түрде жүріп жатты. Өзекен 2-3 күнде бір келіп бақылап кетеді. Күнделікті жұмыс өз жемісін бере бастады. Біз кейін танысқан аспаптар да икемге көне бастады. Сөйтіп 1974 жылы ақпан айында өткен облыстық партия конференциясына арнап ансамбль 4-5 нөмір ән-күй орындады. Сол жылы 8 наурызда өнер ұжымы «Шертер» деген атпен Арқалықтың құрлысшылар сарайында тұңғыш рет өзінің толық бағдарламасымен алғашқы тұсау кесер концертін берді. Концерт үлкен табыспен өтті. Арқалықта сәтті өткен алғашқы концерттен кейін ансамбль Торғайдың Есіл, Қима, Жақсы, Державин, Жаңдала аудандарын аралады. Сол 1974 жылдың көктем-жаз айларында Амангелді, Жанкелдин аудандарындағы концерттері табыстан табысқа жетіп, есіп шыңдала берді. Ал күз айларында «Қазақ концерт» мекемесі Шертерді өзінің концерттік жоспарына енгізіп, еліміздің Көкшетау, Солтүстік Қазақстан, Павлодар облыстарында гастрольдік сапарда болды. Қазан айында концерт Алматының «Қазақ концерт» мекемесінің концерт залында өтіп, республикалық телеарна арқылы таратылды. Өнер ұжымының өскелең өнері елімізден тыс жерлерге де

белгілі бола берді. Оның басты себебі - «Шертердің» әрбір іс-қимылын қатаң бақылап жол көрсетіп отырған бас қамқоры - халқымыздың асыл перзенті, өресі биік өнегелі тұлғасы Өзбекәлі Жанібеков еді. Сол Өзекен туралы 1913 жылы дүниеге келген «Торғай елі» энциклопедиясында төмендегідей мәліметтер келтіріліпті: «1970 жылы жаңадан ұйымдастырылған Торғай облыстық партия комитетінің идеология жөніндегі хатшысы - Өзбекәлі Жанібеков болды. Ол өзі қызмет атқарған бес жылдың ішінде Торғай өңірінде көптеген ғылыми және мәдени ошақтардың ірге көтеруіне тікелей басшылық жасап, барынша жандандырды. Жанібековтің басшылығымен - Арқалық пединституты, медицина мен педучилищелері, А.Иманов пен Ә.Жанкелдин ескерткіш тақта, облыстық өлке музейі, облыстық мұздрама театры, аудандық мәдениет сарайлары мен клубтары, облыс филармония, фольклорлық «Шертер» ансамблі ашылды жұмысқа кірісті». («Торғай елі». Энциклопедия. Құрастырған Таңатқан Рсаев. Алматы «Арыс» баспасы 190-191 б.б.)

Енді Өзбекәлі ағамызбен тағы бір кездесуім біз жайлы оқиғаны айтып өтпей болмас деп ойлаймын.

«1989 жылдың жаз айы. Арқалық қаласындағы музыка училищесінің директоры қызметіндемін. Торғай облысы таратылып, Қостанайға қарап қалған кезіміз. Училище гимнаратын жөндеу жұмысына қаржы бөлінбей, қиналып жүргенбіз. Бір күні жұмыс орында ойға батып отырсам, алден уақытта есік ашылды, қарасам кескін-келбеті ертегідегідей өте сулу, өзіміздің кәдімгі Өзекен, Өзбекәлі Жанібекұлы күндей жарқырап менің кабинетіме кіріп келе жатыр екен, Өзекеннің жанында Арқалық қаласы партия комитетінің бірінші хатшысы Ж. Жаманқұлов бар. Менің есім шығып кетті. Қуанышымда шек жоқ. Сол кезде

Өзекен Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің хатшысы қызметінде екен. Амандық-саулық сұрасқаннан кейін ол-оқу орыны ғимараты азындырап тұр екен, жөндеу жұмысының реті келмей жатыр ма? - деп, сұрақ қойды да, қалалық комитет басшысы мен екеуімізге кезек-кезек қарады. Мен жөндеу жұмысына қаржы бөлінбей тұр-деп қала басшысына қарадым. Сол кезде Ж. Жаманқұлов: «құрылыс материалдарын қолма-қол жеткізіп бергенге әбден үйреніп алғансыңдар, сендерге керіп кіршіп болса, училищеге жеткізіп береміз, ал түсіруін оқытушыларың өз қолдарымен түсіріп алың» - деді. Сол кезде Өзекен жұлып алғандай: - «музыканттар саусақтарымен кіршіп көтермейді» - деді. Ал қала басшысы: - «Олардың ештеңесі кете қоймас» - деді. Өзекен қайталап: - «Музыканттар саусағымен кіршіп көтермейді» - деді, дауысын қаттырақ шығарып. Қала басшысы үндеген жоқ.

Аз үзілістен кейін Өзекен маған қарап: Пединституттың жаңа ректоры Мырзағали Отарұлы институт жанынан қазақ тілі мен әдебиетінен және орыс тілі мен әдебиетінен сабақ беретін барлығы екі факультет ашпақшы, ал мен болсам, Арқалықта музыка факультетін ашсақ деген пікірдемін. Оған қалай қарайсың? Сенің училищеге қанша оқытушы бар? - деді. Мен қатты қуанып кетіп, 53 оқытушы бар, барлығына жуығы жоғары білімді» дедім.

Ұзын сөздің қысқасы - өнері биік, өнегелі тұлға - Өзбекәлі Жанібекұлының арқасында Арқалық пединститутында музыка факультеті ашылған еді. Бұл оқиғаның жас таланттардың өнерін ұштауына пайдасы тимесе зияны тимегені кімге де болса белгілі болған шығар - деген ойдамыз.

Қайыржан МАҚАНОВ,  
ҚР мәдениет қайраткері,  
«Құрмет» орденінің иегері,  
күйші-сазгер.